

**Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2019 жылғы 4 ақпандағы № 1/89 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

Алматы қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 6 ақпандағы № 1/108 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Алматы қаласы әкімдігінің "Алматы қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" 2019 жылғы 4 ақпандағы № 1/89 қаулысына келесі толықтыру енгізілсін:

"Алматы қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережедегі:

14 тармақ келесі мазмұндағы 36-1) тармақшамен толықтырылсын:

"36-1) Алматы қаласының инклюзия саласындағы бағдарламалық құжаттарының іске асырылу мәселелерін үйлестіру;"

2. "Алматы қаласы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

1) Алматы қаласының әділет органдарына құрылтай құжатына енгізілген толықтыру туралы хабарлауды;

2) осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алматы қаласының әкімі*

*Е. Досаев*